

*Бастауыш сыныпта
шығарма жазудың әдістемесі*

**1. Шығарма жазу сабақтарына
қойылатын негізгі талаптар.**

Шығарма және оның түрлері.

Мектепте жүргізілетін шығарма дегеніміз –

белгілі бір тақырып бойынша өз ойын жоспарлы түрде баяндау. Оқушы тақырып бойынша мәтінді өзінше құрап, өзінше жазады.



Балалардың жазатын шығармалары

- оқушылардың оқыған яки естіген шығармаларына байланысты:
- экскурсия бойынша:
- өнер саласына (сурет,кино,қуыршақ театрынның қойылымдарына т.б.) байланысты:
- оқушының өз іс-әрекетіне байланысты тақырыптар.



Шығармалардың көлемі

- * II сыныпта 20-30 сөз,
- * III сыныпта 30-60 сөз,
- * IV сыныпта 60-130 дейін барады.



Шығарма жазуға дайындық түрлері



- * 1. Бірлесе отырып шағын мәтін құрастыру;
- * 2. Дайын сұрақтар бойынша өз ойларын жазбаша түрде қағаз бетіне түсіре білу;
- * 3. Дұрыс сөйлем құрастыра білу. Сөйлемді бас әріппен бастап, аяқтай білу.
- * 4. Өз ойын бейнелеу үшін сөзді дәл әрі нақты таба білу.

Оқушының сөйлеу тіліне қойылатын талаптар:


- * Оқушының сөйлеу тілінің
- * -мазмұндылығын;
- * -дәлдігін;
- * -анықтығын;
- * -дұрыстығын;
- * -шығармашылықтығын;
- * -көркемдігін анықтау керек



Ана тілі сабағында жүргізілетін дайындық жұмыстары:

- * -Мәтіннен ,әңгімеден көркем сөзді таба білу;
- * -Шығармадан оқушылар түсінбеген сөзді табу,мағынасын ашу;
- * -Берілген бейне бойынша көркем сөздерді пайдалана отырып сипаттау;
- * -Түсінік айту барысында таныс көркем сөздерді пайдалану;

Шығарма жазуды меңгеру үшін жүргізілетін жұмыстар:



© 2008-2010 Sanrio Co., Ltd.

- * -сөйлем құрастыру;
- * -сурет бойынша орны ауысқан сөйлемдерді қалпына келтіру;
- * Сюжетті суреттер бойынша мәтін құрастыру;
- * Оқыған мәтінді әңгімелеу.

3-4 ші сыныптарда жүргізілетін жұмыс түрлері

- * *1. Көрген ,бақылаған заттар мен құбылыстар туралы шағын әңгіме құрастыру.*
- * *2. Өз өмірінде болған жағдаяттар туралы әңгіме жазу.*
- * *3. Көрген кинофильмдері туралы әңгіме жазу.*
- * *4. Оқушының өз іс-әрекетіне (ойын, еңбек) байланысты тақырыптар.*
- * *5. Хат жазу.*

